

Миялы ауылдық округінің кейбір елді мекендерінің атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қазанда № 3-4-118 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосына" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы" деген сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 24.11.2014 № 06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 24.04.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 24.04.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Миялы ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Миялы ауылдық округінің кейбір елді мекендерінің атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

Миялы ауылы:

- 1) Жем өзені
- 2) Орталық
- 3) Бесбай
- 4) Тоғалай
- 5) Көктерек
- 6) Миялы
- 7) Ащы

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Миялы ауылдық округі әкімінің 24.04.2017 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Дияр ауылы:

- 1) Мектеп
- 2) Шалпық
- 3) Желтау
- 4) Артезиан
- 5) Сарықұм
- 6) Мыңғыр

3. Бесбай ауылы:

- 1) Ақжар

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз міндетіме аламын.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Миялы ауылдық округі әкімінің м.а.

И.Мәнібаев